

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshzhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

*Ж.К. КАЙЫРБАЕВА¹ 

Р.С. РАХМЕТОВА² 

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан¹
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан²

(e-mail: zhazok-29@mail.ru¹, raigul.67@mail.ru²)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗСАПТАМЫН ТІЛДЕСІМ ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКА-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа. Мақалада жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамын тілдесім әрекеті арқылы дамытудың педагогикалық және психологиялық аспектілері қарастырылады. Қазіргі білім беру жағдайында оқушының өз ойын логикалық жүйелі жеткізуі, жеке көзқарасын эмоциялық реңкпен білдіруі және бейнелі тілдік құралдарды саналы қолдануы коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі көрсеткіштері ретінде айқындалып отыр. Осыған байланысты зерттеуде сөзсаптам оқушының ойды тіл арқылы жеткізу қабілетінің кешенді көрсеткіші ретінде қарастырылып, оның даму деңгейі логикалық, эмоциялық және бейнелі көрсеткіштер негізінде анықталды.

Зерттеудің мақсаты – тілдесім әрекетіне негізделген проблемалық-коммуникативтік әдістемелердің жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамдық даму көрсеткіштеріне ықпалын тәжірибелік-эксперименттік жолмен айқындау. Логикалық көрсеткіш оқушылардың ұғымды дәл анықтау, ойды жүйелі құру және себеп-салдарлық байланыстарды көрсету қабілеті арқылы бағаланды. Эмоциялық көрсеткіш сөйлеу барысында жеке көзқарасты білдіру, бағалауыш қатынас таныту және эмоциялық реңкті қолдану деңгейін сипаттады. Ал бейнелі көрсеткіш метафора, салыстыру және образды тілдік бірліктерді қолдану арқылы анықталды.

Түйін сөздер: сөзсаптам, тілдесім әрекеті, проблемалық-коммуникативтік әдіс, педагогикалық аспект, психологиялық аспект, сөйлеу мәдениеті, коммуникативтік құзыреттілік.

Кіріспе. Қазіргі заманда әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – еліміздің басты стратегиялық міндеттерінің бірі. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру мазмұны жаңартылып, оқу үдерісі оқушының тұлғалық дамуына, шығармашылық әлеуетін ашуға, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және ең алдымен оның коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталуда.

Мектеп оқушысының сөзсаптамын дамыту – білім берудің осы міндеттерін жүзеге асырудың маңызды тетіктерінің бірі. Себебі ойлау мен сөйлеу өзара тығыз байланыста дамиды. Ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің «оқушының тіл қабілетін дамыту үшін алдымен оның ойлау қабілетін жетілдіру қажет» деген пікірі сөзсаптамды дамыту тек тілдік емес, танымдық үдеріс екенін көрсетеді [1]. Демек, сөзсаптам – оқушының ойды логикалық

жүйелеу, эмоциялық реңк беру және бейнелі түрде жеткізу қабілеттерінің бірлігінен тұратын кешенді құбылыс.

Психология ғылымында да сөйлеу интеллектінің маңызды даму арнасы ретінде қарастырылады. Н.И.Жинкин сөйлеуді ойлаудың сыртқы көрінісі ғана емес, оның қалыптасу механизмі ретінде бағалайды [2]. Ғалымның пікірінше, тілдік әрекет неғұрлым ерте әрі жүйелі ұйымдастырылса, танымдық үдерістер де соғұрлым тиімді дамиды. Бұл тұжырым жоғары сынып оқушыларының сөзсаптаманы мақсатты түрде дамыту қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарында да тұлғаның тілдік және коммуникативтік дамуына айрықша мән беріледі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында білімді, мәдениетті, ойлау мәдениеті қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу ел дамуының басты шарты ретінде көрсетіледі [3]. Бұл ұстаным «Қазақстан–2030» стратегиясында, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында және «Білімді ұлт» ұлттық жобасында нақты көрініс тапқан [4].

Қазіргі білім беру кеңістігінде кеңінен қолданылып жүрген 4К моделі (креативтілік, сыни ойлау, коммуникация, кооперация) де оқушының тілдік әрекет арқылы дамуын басты бағдар ретінде ұсынады. Аталған модельде коммуникация тұлғаның басқа да құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізі ретінде қарастырылады [5]. Осы тұрғыдан алғанда, сөзсаптамды дамыту – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі.

10–11 сынып оқушылары тұлғалық қалыптасудың соңғы кезеңінде тұрғандықтан, бұл жаста олардың ойлауы абстрактілі, талдамалы сипатқа ие болады, ал сөйлеу әрекеті логикалық, эмоциялық және бейнелі мазмұнмен толығы түседі. Сондықтан жоғары сыныпта сөзсаптамды дамыту жұмысы тек лексикалық жаттығулармен шектелмей, нақты тілдесім әрекеттеріне негізделуі тиіс.

Осы зерттеу жұмысының өзегі – жоғары сынып оқушыларының сөзсаптаманы тілдесім әрекеті арқылы дамыту үдерісін педагогикалық және психологиялық тұрғыдан зерделеу. Зерттеудің мақсаты – тілдесім әрекетіне негізделген әдістемелердің жоғары сынып оқушыларының сөзсаптаманы (логикалық, эмоциялық және бейнелі компоненттері тұрғысынан) дамытудағы тиімділігін анықтау. Зерттеу барысында сөзсаптамның даму деңгейі негізгі көрсеткіш ретінде алынып, оның өзгерісі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы талданады.

Қазіргі педагогикалық және психологиялық зерттеулерде оқушылардың сөйлеу дағдысы мен сөзсаптаманы жетілдіру мәселесі кеңінен қарастырылып жүр. Ғалымдардың көпшілігі сөзсаптамды ең алдымен қарым-қатынас барысында ойын жүйелі, түсінікті, мәнерлі жеткізе алу қабілеті деп түсіндіреді. Ж.М.Дүйсебекова мен Т.Х.Сматаев өз еңбектерінде ауызша сөз мәдениетін жаңаша меңгерудің жолдарын ұсынып, бұл үдерісте психологиялық факторлардың маңызына ерекше тоқталады. Ғалымдардың пікірінше, оқушының сөйлеу мәдениеті мен сөзсаптам ең алдымен қызығушылықпен тікелей байланысты [6].

Г.А.Рахымбаеваның еңбектерінде сөзді дұрыс түсіну мен қолдану баланың қоршаған ортаны саналы қабылдауымен байланысты екендігі айтылады. Егер мұндай жүйелі жұмыс жүргізілмесе, оқушының сөзсаптамды дамымай, сөйлеу үдерісі үзік-үзік қалып қояды [7]. Оқушылардың сөзсаптаманы жетілдіру мәселесін жан-жақты қарастырған еңбектердің бірі – Г.Н.Клычнйзова мен Ж.Дәулетбекованың зерттеуі [8]. Авторлар ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын талдай отырып, сөзсаптамды дамытуда мәтінмен жұмыс жүргізудің тиімділігін дәлелдейді. М.Ауғанбаева мен Г.Мамаеваның еңбектерінде сөйлеу мәдениетін дамыту күрделі әрі көпқырлы үдеріс ретінде қарастырылады. Авторлар зерттеуінде ауызша тіл мәдениеті арнайы лингвистикалық, социомәдени, психологиялық және әдістемелік тұрғыда талданады [9]. Ғалымдардың пайымдауынша, сөйлеу мәдениеті – бұл тек қана дұрыс сөз қолдану емес,

ол сөйлеу этикасын сақтау, ойды анық жеткізу, орфоэпиялық және грамматикалық нормаларды ұстану, сондай-ақ коммуникативтік жағдайға сай сөйлеуді меңгеру.

Аталған еңбекте оқушылардың сөйлеуінде жиі кездесетін қателер анықталады: сөздерді орынсыз қолдану, диалектілік ерекшеліктерді араластыру, орыс немесе өзге тілдерден енген сөздерді шамадан тыс пайдалану, сленг элементтерін қосу. А.Б.Бакраденова, А.С.Таурбекова еңбектерінде баланың ана тілінде сөйлеу дағдылары ең алдымен қарым-қатынас әрекеті арқылы қалыптасатыны жан-жақты қарастырылған. Зерттеушілердің пікірінше, бала тілінің дамуы – оның айналасында қалыптасқан қарым-қатынас ортасына тікелей байланысты [10]. А.Исатаева мен Г.Уайысованың еңбектерінде оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытудағы лингвистикалық негіздер талданады [11]. Зерттеушілердің пікірінше, сөйлеу әрекеті тек жеке сөйлемдер құрастырумен шектелмейді, ол бірнеше сөйлемді грамматикалық және мағыналық жағынан байланыстырып, тұтас мәтін құра білуге жетелейді. А.Есназар мақаласында оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылған [12]. Авторлардың пайымдауынша, сөйлеу мәдениетінің дамуы – тілдің қасиеттері мен функциясымен, оның әлеуметтік рөлімен және қарым-қатынастағы қолданылуымен анықталады.

Жоғарыда қарастырылған еңбектердің барлығы оқушылардың сөзсаптамын дамыту тек жекелеген әдістемелік тапсырмалар арқылы емес, кешенді, жүйелі тәсілді қажет ететінін айқындайды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының нысаны – жоғары сынып оқушыларының (10–11 сынып) сөзсаптамын тілдесім әрекеті арқылы дамыту үдерісі. Зерттеу 2024–2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептің гуманитарлық бағыттағы екі сыныбында жүргізілді. Зерттеуге барлығы 35 оқушы қатысты, оның ішінде 17 оқушы эксперименттік топты, 18 оқушы бақылау тобын құрады.

Эксперименттік және бақылау топтары жас ерекшелігі, оқу үлгерімі және бастапқы сөзсаптамдық деңгейі тұрғысынан шамалас болды. Бұл жағдай тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу педагогикалық эксперимент әдісіне негізделіп, үш кезеңде ұйымдастырылды:

Диагностикалық кезең – оқушылардың бастапқы сөзсаптамдық деңгейін анықтау;

Қалыптастырушы кезең – эксперименттік топта тілдесім әрекетіне негізделген әдістемені жүйелі енгізу.

Бақылау-диагностикалық кезең – сөзсаптамдық деңгейдің өзгерісін анықтау және нәтижелерді салыстыру.


Бақылау тобында сабақтар дәстүрлі оқыту әдістері негізінде жүргізілсе, эксперименттік топта тілдесім әрекетіне негізделген проблемалық-коммуникативтік тапсырмалар жүйелі қолданылды.

Зерттеуде сөзсаптам оқушының ойды тіл арқылы жеткізу қабілетінің кешенді көрсеткіші ретінде қарастырылып, төмендегі компоненттер арқылы өлшенді: логикалық компонент – ұғымды дәл анықтау, себеп-салдарлық байланыстарды көрсету, ойдың жүйелілігі; эмоциялық компонент – бағалаушы сөздерді қолдану, тілдік экспрессивтілік, жеке көзқарасты білдіру; бейнелі компонент – метафора, салыстыру, образды тілдік бірліктерді қолдану.

Аталған компоненттердің негізінде сөзсаптамдық даму деңгейі жоғары, орташа, төмен деңгейлер бойынша анықталды.

Барлық диагностикалық тапсырмалар авторлық «Бір ұғым – үш қырынан» әдісі аясында орындалды. Әр тапсырманың нәтижесі жеке бағаланып, логикалық, эмоциялық және бейнелі компоненттер бойынша жинақталған көрсеткіштер негізінде оқушының жалпы сөзсаптамдық деңгейі (жоғары, орташа, төмен) анықталды (1-сурет).

Сурет 1 – Сөзсаптамдық деңгейді анықтаудың компоненттік құрылымы



Логикалық компонентті диагностикалау барысында оқушыларға белгілі бір абстрактілі ұғымды (мысалы, адалдық, жауапкершілік, еркіндік, білім, уақыт) логикалық тұрғыдан сипаттау тапсырылды. Оқушылар ұғымның мәнін ашып, оның негізгі белгілерін көрсетіп, ойларын жүйелі түрде жеткізуі тиіс болды. Диагностика кезінде ұғымды дәл анықтауы, ойдың құрылымдық бірізділігі, себеп-салдарлық байланыстарды көрсетуі және сөйлемдердің логикалық тұтастығы ескерілді. Осы өлшемдерге сәйкес логикалық компоненттің даму деңгейі жоғары, орташа және төмен деңгейлер бойынша айқындалды. Эмоциялық компонентті анықтау мақсатында оқушыларға сол ұғымға қатысты жеке көзқарасын білдіру, оның өз өміріндегі маңызын бағалау және сезімдік қатынасын көрсету тапсырылды. Бұл тапсырма барысында бағалаушы сөздердің қолданылуы, сөйлеудің эмоциялық реңкі, жеке пікірдің айқын көрініс табуы және тілдік экспрессивтілік деңгейі назарға алынды. Оқушының эмоциялық компоненті оның сөйлеуінде ой мен сезімнің үйлесімді берілуі арқылы бағаланды.

Бейнелі компонентті диагностикалау үшін оқушыларға берілген ұғымды метафора, салыстыру немесе басқа да образды тілдік құралдар арқылы сипаттау тапсырылды. Оқушылар ұғымды белгілі бір затпен, құбылыспен немесе өмірлік көрініспен салыстыра отырып жеткізді. Бағалау барысында метафора мен салыстыруды қолдану деңгейі, бейнеліліктің мазмұнмен сәйкестігі, образдың дәлдігі және тілдік шығармашылық ерекшеліктері ескерілді.

Қолданылған «Бір ұғым – үш қырынан» авторлық диагностикалық әдісі зерттеу мақсаты мен көрсеткіштеріне мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді. Әдістің валидтілігі бір ұғымды логикалық, эмоциялық және бейнелі қырынан сипаттау арқылы сөзсаптамның негізгі компоненттерін кешенді қамтуымен қамтамасыз етілді. Тапсырмалардың мазмұны жоғары сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және тілдік даму деңгейіне сәйкес іріктелді.

Алынған деректер сандық және сапалық тұрғыдан өңделді. Сандық талдау барысында оқушылардың сөзсаптамдық деңгейлерінің пайыздық арақатынасы анықталып, бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері салыстырылды. Сапалық талдау оқушылардың сөйлеуіндегі құрылымдық, эмоциялық және бейнелі өзгерістерді сипаттауға бағытталды.

Талқылау мен бақылау. Зерттеу жұмысының алғашқы, диагностикалық кезеңі жоғары сынып оқушыларының бастапқы сөзсаптамдық деңгейін анықтауға бағытталды. Бұл кезеңде оқушылардың ойды логикалық, эмоциялық және бейнелі тұрғыдан жеткізу қабілеттері авторлық «Бір ұғым – үш қырынан» әдісі арқылы бағаланды. Алынған деректер эксперименттік және бақылау топтарындағы сөзсаптамдық дамудың бастапқы деңгейінде айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсетті, бұл қалыптастырушы кезең нәтижелерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді.

Логикалық компонент оқушылардың ұғымды дәл анықтау, ойды жүйелі түрде құрастыру және себеп-салдарлық байланыстарды көрсету қабілетін сипаттайды. Осы

компонент бойынша алынған нәтижелер эксперименттік және бақылау топтарындағы сөзсаптамдық дамудың ерекшеліктерін айқын көрсетті.

Диагностикалық кезеңде логикалық компоненттің даму деңгейі төмен және орташа деңгейде басым болды (1-кесте). Оқушылардың көпшілігі берілген абстрактілі ұғымды сипаттауда қысқа, анықтамалық сипаттағы жауаптармен шектеліп, ойды тереңдету мен құрылымдауда қиындықтар көрсетті. Сөйлемдер арасында логикалық байланыс жиі сақталмай, себеп-салдарлық қатынастар жеткілікті дәрежеде ашылмады.

Кесте 1 – Логикалық компоненттің даму деңгейі бойынша нәтижелер

Деңгей	Сипаттамасы	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	Ұғымды толық, жүйелі, себеп-салдарлық байланыста сипаттайды	2 оқушы (11,1%)	7 оқушы (41,2%)
Орташа	Ұғымды анықтайды, бірақ ой жүйелілігі толық емес	6 оқушы (33,3%)	6 оқушы (35,3%)
Төмен	Қысқа, жалпылама анықтамамен шектеледі	10 оқушы (55,6%)	4 оқушы (23,5%)

Қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін эксперименттік топтағы оқушылардың логикалық компонент бойынша көрсеткіштері айқын жақсарды. Олар ұғымды сипаттауда негізгі белгілерін нақты бөліп көрсетіп, ойды бірізді түрде дамытуға дағдыланды. Себеп-салдарлық байланыстарды қолдану жиілеп, сөйлемдердің логикалық тұтастығы күшейді. Жоғары деңгейге жеткен оқушылардың үлесінің артуы логикалық ойды тіл арқылы жеткізу қабілетінің мақсатты педагогикалық ықпал нәтижесінде дамығанын көрсетеді.

Оқушылардың жауаптарын сапалық талдау барысында логикалық компоненттің дамуын дәлелдейтін нақты мысалдар анықталды. Мысалы, «жауапкершілік» ұғымын сипаттауда бастапқы кезеңде бір оқушы: «Жауапкершілік – өз міндетін орындау» деген қысқа анықтамамен шектелсе, қалыптастырушы кезеңнен кейін сол оқушының жауабы: «Жауапкершілік – адамның өз әрекетінің салдарын түсініп, қабылдаған шешімі үшін жауап беруі. Ол адамның қоғамдағы орны мен сенімділігін айқындайды» түрінде жүйелі әрі себеп-салдарлық байланыста берілді. Бұл жауапта ұғымның мәні ашылып қана қоймай, оның әлеуметтік маңызы логикалық тұрғыдан негізделген.

Ал бақылау тобындағы оқушылардың жауаптарында айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Олар ұғымды сипаттауда көбіне бұрынғыдай қысқа анықтамалармен шектеліп, ойды дамыту мен құрылымдау элементтерін сирек қолданды. Себеп-салдарлық байланыстардың әлсіздігі және сөйлемдердің логикалық тұтастығының жеткіліксіздігі сақталып қалды.

Жалпы алғанда, логикалық компонент бойынша алынған нәтижелер тілдесім әрекетіне негізделген проблемалық-коммуникативтік тапсырмалардың оқушылардың ойды жүйелі түрде құра білу қабілетін дамытуда тиімді екенін дәлелдейді. Эксперименттік топта байқалған оң динамика сөзсаптамды дамыту үдерісінде логикалық ойлау мен сөйлеудің өзара байланыста қалыптасатынын көрсетті.

Эмоциялық компонент оқушылардың сөйлеу барысында жеке көзқарасын білдіру, бағалаушы қатынас таныту және ойды эмоциялық реңкпен жеткізу қабілетін сипаттайды. Аталған компонент бойынша алынған нәтижелер тілдесім әрекетіне негізделген тапсырмалардың оқушылардың сөйлеу белсенділігі мен сенімділігін арттыруға ықпал еткенін көрсетті.

Диагностикалық кезеңде эмоциялық компоненттің даму деңгейі бақылау және эксперименттік топтарда негізінен төмен және орташа деңгейде байқалды (2-кесте). Оқушылардың басым бөлігі берілген ұғымды сипаттауда жеке көзқарасын білдіруге қиналып, бағалаушы сөздерді сирек қолданды. Сөйлеу мазмұны көбіне бейтарап сипатта болып, эмоциялық реңк пен субъективті қатынас жеткілікті деңгейде көрініс таппады.

Кесте 2 – Эмоциялық компоненттің даму деңгейі бойынша нәтижелер

Деңгей	Сипаттамасы	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	Жеке көзқарасы айқын, эмоциялық реңкі бар	3 оқушы (16,7%)	8 оқушы (47,1%)
Орташа	Көзқарас бар, бірақ эмоциялық бояуы әлсіз	7 оқушы (38,9%)	6 оқушы (35,3%)
Төмен	Бағалауыш қатынас байқалмайды	8 оқушы (44,4%)	3 оқушы (17,6%)

Қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін эксперименттік топтағы оқушылардың эмоциялық компонент бойынша көрсеткіштері едәуір жақсарды. Оқушылар өз пікірін ашық білдіруге, бағалауыш сөздер мен тіркестерді орынды қолдануға бейімделе түсті. Сөйлеу барысында эмоциялық реңк күшейіп, жеке тәжірибеге сүйенген пайымдаулар жиі көрініс тапты. Бұл олардың тілдік әрекетке психологиялық тұрғыдан еркін қатыса бастағанын көрсетеді.

Сапалық талдау барысында эмоциялық компоненттің дамуын айқындайтын нақты мысалдар анықталды. Мәселен, «еркіндік» ұғымын сипаттауда бастапқы кезеңде бір оқушы: «Еркіндік – адамға таңдау жасауға мүмкіндік береді» деп бейтарап анықтама берген. Ал қалыптастырушы кезеңнен кейін сол оқушының жауабы: «Еркіндік – адамның өз ойын ашық айтуына мүмкіндік беретін ең маңызды құндылық. Онсыз адам өзін толық тұлға ретінде сезіне алмайды» түрінде эмоциялық бағалау мен жеке көзқарасқа негізделіп берілді. Бұл жауапта бағалауыш сөздер мен субъективті қатынас айқын байқалады.

Бақылау тобындағы оқушылардың жауаптарында эмоциялық компонент бойынша айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Көпшілігі ұғымды сипаттауда бейтарап сөйлеу үлгісін сақтап, жеке көзқарасын білдіруге енжарлық танытты. Бағалауыш сөздердің қолданылу жиілігі төмен деңгейде қалды.

Эмоциялық компонент бойынша алынған нәтижелер тілдесім әрекетіне негізделген проблемалық-коммуникативтік тапсырмалардың оқушылардың сөйлеу сенімділігін арттырып, жеке көзқарасын білдіру дағдысын дамытуда тиімді екенін көрсетті. Эксперименттік топта байқалған оң динамика сөзсаптамды дамытуда эмоциялық қатынастың маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Бейнелі компонент оқушылардың образды ойлауын, метафора мен салыстыру сияқты көркем тілдік құралдарды қолдану қабілетін сипаттайды. Аталған компонент сөзсаптамның шығармашылық қырын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері бейнелі компоненттің қалыптастырушы кезең барысында эксперименттік топта айқын дамығанын көрсетті.

Алғашқы диагностикалық кезеңде бейнелі компонент бойынша төмен деңгей басым болды (3-кесте). Оқушылардың көпшілігі берілген ұғымды сипаттауда бейнелі тілдік құралдарды қолданбай, логикалық немесе бейтарап сипаттаумен шектелді. Метафора, салыстыру, символдық бейнелеу элементтері өте сирек кездесті, ал кейбір жұмыстарда мүлде байқалмады.

Кесте 3 – Бейнелі компоненттің даму деңгейі бойынша нәтижелер

Деңгей	Сипаттамасы	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	Метафора, салыстыру, образды тілдік құралдар орынды қолданылған	1 оқушы (5,6%)	6 оқушы (35,3%)
Орташа	Бейнелі элементтер бар, бірақ толық дамымаған	5 оқушы (27,8%)	7 оқушы (41,2%)
Төмен	Бейнелі тілдік құралдар қолданылмаған	12 оқушы (66,6%)	4 оқушы (23,5%)

Қалыптастырушы кезеңнен кейін эксперименттік топтағы оқушылардың бейнелі компонент бойынша көрсеткіштері айтарлықтай артты. Оқушылар ұғымды жеткізуде салыстыру мен метафораларды жиі қолдана бастады, сөйлеу мазмұнында образды сипаттаулар пайда болды. Бейнелі тілдік құралдар ұғымның мазмұнымен үйлесіп, ойды көркем әрі әсерлі жеткізуге қызмет етті.

Сапалық талдау барысында бейнелі компоненттің дамуын көрсететін нақты мысалдар анықталды. Мысалы, «уақыт» ұғымын сипаттауда бастапқы кезеңде бір оқушы: «Уақыт – бәріне ортақ құбылыс» деп бейтарап анықтама берген. Қалыптастырушы кезеңнен кейін сол оқушының жауабы: «Уақыт – тоқтамай ағатын өзен сияқты, оны тоқтата алмайсың, тек бағытын тиімді пайдалана аласың» түрінде метафоралық салыстыру арқылы берілді. Бұл жауапта ұғымның мәні образды түрде ашылып, бейнелі ойлау элементтері айқын көрінеді.

Ал бақылау тобындағы оқушылардың жұмыстарында бейнелі компонент бойынша айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Көпшілігі ұғымды сипаттауда бұрынғыдай абстрактілі немесе анықтамалық деңгейде қалып, метафора мен салыстыруды қолдануға сирек жүгінді. Бұл жағдай бейнелі сөйлеу дағдысының өздігінен емес, арнайы ұйымдастырылған тілдесім әрекеті арқылы дамитынын көрсетеді.

Бейнелі компонент бойынша алынған нәтижелер тілдесім әрекетіне негізделген проблемалық-коммуникативтік тапсырмалардың оқушылардың шығармашылық ойлауын және образды сөйлеуді дамытуда жоғары тиімділікке ие екенін дәлелдейді. Эксперименттік топта байқалған оң өзгерістер сөзсаптамды дамыту үдерісінде бейнелі ойлау мен тілдік шығармашылықтың маңызды орын алатынын көрсетті.

Бастапқы диагностикалық кезеңнің нәтижелері жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамды даму деңгейі біркелкі емес екенін көрсетті. Зерттеуге қатысқан оқушылардың басым бөлігінде сөзсаптамның логикалық, эмоциялық және бейнелі компоненттері жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны байқалды. Көп жағдайда оқушылар ұғымды сипаттауда логикалық анықтамамен шектеліп, ойды жүйелі түрде дамытуға, себеп-салдарлық байланыстарды ашуға, сондай-ақ эмоциялық және бейнелі тілдік құралдарды қолдануға қиналды.

Зерттеудің екінші кезеңі – қалыптастырушы кезең – 2024–2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жүргізілді және үш айды қамтыды. Бұл кезең эксперименттік топта оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті арқылы мақсатты түрде дамытуға бағытталды.

Қалыптастырушы жұмыс сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылды және аптасына екі рет өткізілді. Әрбір сабақтың ұзақтығы 45–50 минутты құрады. Жалпы алғанда, қалыптастырушы кезең барысында 24 сабақ өткізілді. Сабақтар мектептің оқу үдерісіне кедергі келтірмей, факультативтік және үйірме форматында жүргізілді.

Қалыптастырушы кезеңге тек эксперименттік топ оқушылары қатысты. Бақылау тобында бұл кезеңде арнайы тілдесімге бағытталған қосымша жұмыс жүргізілген жоқ, оқу үдерісі дәстүрлі бағдарлама аясында жалғастырылды.

Қалыптастырушы кезең барысында барлық тапсырмалар тілдесім әрекетіне негізделіп құрылды және оқушылардың ойды логикалық, эмоциялық және бейнелі тұрғыдан жеткізуіне бағытталды. Сабақтарда монологтық және диалогтық сөйлеу түрлері қатар қолданылды. Әр сабақта оқушыларға бір немесе бірнеше абстрактілі ұғым ұсынылып, оларды талдау, сипаттау, салыстыру және бағалау тапсырмалары орындалды.

Сабақ құрылымы, әдетте, үш кезеңнен тұрды. Алдымен оқушыларға проблемалық жағдаят немесе сұрақ ұсынылып, ой қозғау жүзеге асырылды. Екінші кезеңде негізгі тілдесім әрекеті ұйымдастырылып, оқушылар жұптық немесе топтық жұмыс барысында өз пікірін білдірді, дәлелдеді және қорғады. Үшінші кезеңде рефлексия жүргізіліп, оқушылар өз сөйлеуін бағалап, қандай тілдік құралдарды қолданғанын талдады.

Қалыптастырушы кезең барысында тапсырмалар біртіндеп күрделендіріліп отырды. Алғашқы сабақтарда оқушылар ұғымды негізінен логикалық тұрғыдан сипаттауға бағытталса, кейінгі сабақтарда эмоциялық бағалау мен бейнелі тілдік құралдарды

қолдануға басымдық берілді. Соңғы кезеңде оқушылардан ұғымды логикалық, эмоциялық және бейнелі қырынан кешенді түрде сипаттау талап етілді.

Қалыптастырушы кезеңде жүргізілген жұмыс тек тілдік дағдыларды жетілдірумен шектелмей, оқушылардың педагогикалық және психологиялық тұрғыдан дамуын кешенді түрде қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл кезеңде тілдесім әрекеті оқыту әдісі ғана емес, тұлғаның ішкі әлеуетін ашатын педагогикалық-психологиялық құрал ретінде қарастырылды.

Педагогикалық аспект қалыптастырушы кезеңде оқыту үдерісін оқушыға бағытталған, белсенді және қатысымдық сипатта ұйымдастыру арқылы көрініс тапты. Сабақтарда оқушы дайын ақпаратты қабылдаушы емес, ойды тудырушы, пікір білдіруші және оны дәлелдеуші тұлға ретінде танылды. Проблемалық-коммуникативтік тапсырмаларды қолдану оқушылардың логикалық ойлауын, тілдік белсенділігін және сөзді саналы қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Сабақтардың жүйелі түрде құрылуы, тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі және рефлексияға негізделуі педагогикалық ықпалдың мақсатты әрі нәтижелі болуын қамтамасыз етті.


Педагогикалық тұрғыдан алғанда, қалыптастырушы кезеңде қолданылған әдістемелік тәсілдер оқушылардың өздігінен ойлау, пікір айту және тілдік әрекетке жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырды. Монологтық және диалогтық сөйлеу формаларының қатар қолданылуы оқушылардың тілдік тәжірибесін кеңейтіп, олардың коммуникативтік құзыреттілігінің дамуына негіз қалады.

Психологиялық аспект қалыптастырушы кезеңде оқушылардың сөйлеу сенімділігін арттыру, ішкі кедергілерді жою және тілдік әрекетке оң эмоционалдық қатынас қалыптастыру арқылы жүзеге асырылды. Сабақтан тыс уақытта, еркін форматта ұйымдастырылған тілдесім әрекеті оқушылардың психологиялық қысымын азайтып, өз ойын ашық айтуға мүмкіндік берді. Қолайлы психологиялық орта оқушылардың белсенділігін арттырып, қателесуден қорықпай сөйлеуіне жағдай жасады.

Нәтижелер. Қалыптастырушы кезең барысында оқушылардың өзін-өзі бағалау, өз пікірін қорғау және өзгелердің көзқарасын тыңдау дағдылары біртіндеп қалыптасты. Рефлексия элементтерін жүйелі қолдану оқушылардың өз сөйлеуін саналы түрде талдауына, жетістігі мен кемшілігін түсінуіне ықпал етті. Бұл өз кезегінде сөйлеу әрекетіне деген сенімділіктің артуына және эмоционалдық тұрақтылықтың қалыптасуына әсер етті. Зерттеудің үшінші кезеңі – бақылау-диагностикалық кезең – қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін өткізілді. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты тілдесім әрекетіне негізделген әдістемелік жұмыстың жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамдық дамуына ықпалын анықтау және алынған нәтижелердің динамикасын талдау болды.

Қайталама диагностика эксперименттік және бақылау топтарында бірдей диагностикалық құралдар мен бағалау өлшемдері негізінде жүргізілді (2-сурет).

Сурет 2 – Эксперименттік топтың салыстырмалы нәтижелері



Бастапқы диагностикалық кезеңде эксперименттік топта жоғары сөзсаптамдық деңгейдегі оқушылардың үлесі 29,4%-ды құраса, қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін бұл көрсеткіш 64,7%-ға дейін артты. Яғни жоғары деңгейдегі оқушылар саны 35,3%-ға өсті. Бұл өзгеріс оқушылардың ойды логикалық жүйелеу, эмоциялық бағалау және бейнелі тілдік құралдарды қолдану дағдыларының кешенді түрде дамығанын көрсетеді.

Орташа деңгейдегі оқушылардың үлесі бастапқы кезеңде 35,3% болса, қайталама диагностикада бұл көрсеткіш 23,5%-ға дейін төмендеді. Орта деңгейдің 11,8%-ға азаюы оқушылардың едәуір бөлігінің жоғары деңгейге көтерілгенін аңғартады. Бұл үрдіс қалыптастырушы кезеңде жүргізілген жүйелі тілдесім тапсырмаларының дамытушылық әлеуетін дәлелдейді.

Төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі бастапқы диагностикада 35,3%-ды құраған. Қайталама диагностика нәтижесінде бұл көрсеткіш 11,8%-ға дейін төмендеді, яғни төмен деңгей 23,5%-ға азайды. Бұл дерек қалыптастырушы кезеңде арнайы ұйымдастырылған тілдесім әрекеті оқушылардың сөзсаптамдық қиындықтарын едәуір қысқартқанын көрсетеді.

Қорытынды. Зерттеу барысында жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамын дамыту үдерісі тілдесім әрекеті арқылы мақсатты түрде ұйымдастырылған жағдайда ғана нәтижелі болатыны айқындалды. Эксперименттік жұмыс сөзсаптамды тек тілдік құбылыс ретінде емес, оқушының ойлау мәдениетімен, эмоциялық қатынасымен және тұлғалық ұстанымымен тығыз байланыста дамитын күрделі үдеріс ретінде қарастырудың орынды екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері сөзсаптамның логикалық, эмоциялық және бейнелі компоненттері өзара оқшау емес, біртұтас жүйе ретінде қалыптасатынын дәлелдеді. Осы компоненттердің бірін елемей сөздік әрекеттің мазмұнын жұтаңдататыны байқалды. Ал тілдесім әрекетіне негізделген тапсырмалар жүйелі қолданылған жағдайда оқушылардың ойды құрылымдау, өз көзқарасын білдіру және оны тілдік құралдар арқылы әсерлі жеткізу қабілеттері біртіндеп дамитыны анықталды.

Зерттеу 2024–2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептің 10–11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Эксперименттік және бақылау топтарын қамтыған педагогикалық эксперимент үш кезеңде ұйымдастырылды: бастапқы диагностикалық кезең, қалыптастырушы кезең және қайталама диагностика. Диагностикалық құрал ретінде авторлық «Бір ұғым – үш қырынан» әдісі қолданылып, оқушылардың сөзсаптамдық даму деңгейі үш көрсеткіш бойынша кешенді түрде бағаланды. Қалыптастырушы кезең сабақтан тыс уақытта, аптасына екі рет, үш ай бойы жүргізіліп, тілдесім әрекетіне негізделген жүйелі тапсырмалар арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері бастапқы диагностикада оқушылардың сөзсаптамдық көрсеткіштері жеткіліксіз деңгейде болғанын көрсетті. Қайталама диагностика барысында эксперименттік топта логикалық көрсеткіш бойынша ойды жүйелі жеткізу қабілетінің артқаны, эмоциялық көрсеткіш бойынша сөйлеудің бағалаушы және тұлғалық сипатының күшейгені, ал бейнелі көрсеткіш бойынша образды тілдік құралдарды қолдану жиілігінің өскені анықталды. Бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі айқын байқалмады.

Сонымен қатар, зерттеу үдерісінде педагогикалық ықпал мен психологиялық жағдайдың өзара байланысы маңызды рөл атқаратыны байқалды. Қолайлы психологиялық ортада, қысымсыз әрі еркін ұйымдастырылған тілдік әрекет оқушылардың сөйлеу сенімділігін арттырып, ішкі тілдік белсенділігін оятты. Бұл өз кезегінде сөзсаптамның сапалық деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Әдебиеттер

1. Ушинский К.Д. Развитие познавательного интереса учащихся / Молодой учёный. – 2012. – Т. 12. – С. 517.
2. Жинкин Н.И. Психологические основы развития речи. – М.: ПИ РАО, РШБА. – 2021. – С. 15-20.
3. Тоқаев Қ.К. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan> (қаралды: 1.09.2021).
4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №310 Жарлығы URL: <https://adilet.zan.kz/docs> (қаралды: 6.04.2007).
5. Kwatera A. The Concept of 4K Competences in Pre-school and Early School Education-Challenges, Opportunities and Pedagogical Recommendations // Edukacja Elementarna w Teorii i Praktyce. – 2025. – Т. 20. – №3 (78). – С. 15-28. DOI: <https://doi.org/10.35765/eetp.2025.2078.01>
6. Дуйсебекова Ж.М., Сматаев Т.Х., Шаймерденова Ж.К., Сагиндикова Э.У. Ауызша сөз мәдениетін жаңаша меңгеруде қызығушылықты оята оқыту–психологиялық фактор ретінде // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2022. – Т. 72. – №3. – Б. 118-126. DOI: 10.51889/1981.2022.32.73.014
7. Rakhymbayeva G. Сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту // Iksad journal. – 2024. – Т. 9. – №35. – С. 13-16. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.13131684>.
8. Клычнязова Г., Дәулетбекова Ж. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытудың педагогикалық стратегиялары // Вестник НАН РК. – 2024. – Т. 409. – №3. – С. 148-160. DOI: <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.759>
9. Ауғанбаева М., Мамаева Г. Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2025. – №1. – С. 175-184. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17>
10. Бакраденова А.Б., Таурбекова А.С., Тажинова Г.А. Қарым-қатынас баланың ана тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың негізгі шарты ретінде // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – Т. 144. – №3. – С. 63-75. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-63-75>
11. Issataeva A., Uaisova G. Linguistic bases of primary school children's development of speech activity // Pedagogy and Psychology. – 2020. – Т. 42. – №1. – С. 156-163. DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.20>
12. Yesnazar A. et al. Determination of Primary School Children's Speech Skills in Interdisciplinary Communication in Learning Environments // World Journal on Educational Technology: Current Issues. – 2020. – Т. 12. – №. 4. – С. 373-388. DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v12i4.5190>

Ж.К. КАЙЫРБАЕВА

Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Р.С. РАХМЕТОВА

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ РАЗВИТИЯ РЕЧЕПРОИЗВОДСТВА ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ОБЩЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические и психологические аспекты развития речи старшеклассников через коммуникативную деятельность. В современных образовательных условиях основными показателями коммуникативной компетентности определены логическое системное изложение учащимися своих мыслей, выражение личностного отношения эмоциональным тоном и осознанное использование образных языковых средств. В связи с этим в исследовании словосочетание рассматривалось как

комплексный показатель способности учащегося передавать мысль через язык, а уровень его развития определялся на основе логических, эмоциональных и образных показателей.

Цель исследования – экспериментально-экспериментальное определение влияния проблемно-коммуникативных методик, основанных на коммуникативной деятельности, на Показатели речевого развития старшеклассников. Логический показатель оценивался по способности учащихся точно определять понятие, систематически строить мысль и демонстрировать причинно-следственные связи. Эмоциональный показатель характеризовал уровень выражения индивидуального подхода в речи, проявления оценочного отношения и использования эмоционального тона. А образный показатель определялся метафорой, сравнением и использованием образных языковых единиц.

Исследование проводилось среди учащихся 10-11 классов общеобразовательной школы в 2024-2025 учебном году. Педагогический эксперимент, включающий экспериментальную и контрольную группы, был организован в три этапа: первичный диагностический этап, формирующий этап и вторичная диагностика. В качестве диагностического инструмента использовался авторский метод «одно понятие – три грани», в котором уровень речевого развития учащихся оценивался комплексно по трем показателям. Формирующий этап проводился во внеурочное время, два раза в неделю, в течение трех месяцев, с помощью систематических заданий, основанных на коммуникативной деятельности.

Результаты исследования показали, что в начальной диагностике словообразовательные показатели учащихся оказались на недостаточном уровне. В ходе повторной диагностики установлено, что в экспериментальной группе по логическому показателю повысилась способность к систематическому выражению мысли, по эмоциональному показателю усилился оценочный и личностный характер речи, а по образному показателю возросла частота использования образных языковых средств. В контрольной группе изменение показателей не наблюдалось ярко.

Ключевые слова: речепроизводства, общение, проблемно-коммуникативный метод, педагогический аспект, психологический аспект, культура речи, коммуникативная компетентность.

ZH.K. KAIYRBAYEVA

S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

R.S. RAKHMETOVA

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL ASPECT OF STUDENTS' SPEECH OF PRODUCTION OF SCHOOLCHILDREN BASED ON COMMUNICATION

Annotation. The article discusses the pedagogical and psychological aspects of the development of high school students' speech through communicative activity. In modern educational conditions, the main indicators of communicative competence are the logical and systematic presentation of students' thoughts, the expression of personal attitudes through emotional tone, and the conscious use of figurative language. Therefore, in this study, the phrase was considered as a comprehensive indicator of a student's ability to convey their thoughts through language, and the level of its development was determined based on logical, emotional, and figurative indicators.

The purpose of the study is to experimentally determine the impact of problem-solving and communicative methods based on communicative activity on the indicators of speech development in high school students. The logical indicator was assessed based on the students' ability to accurately define concepts, systematically construct thoughts, and demonstrate cause-and-effect relationships. The emotional indicator characterized the level of expression of individual approach in speech, the manifestation of evaluative attitude, and the use of emotional tone. The figurative indicator was determined by metaphors, comparisons, and the use of figurative language units.

The study was conducted among students in grades 10-11 at a public school in the 2024-2025 academic year. The pedagogical experiment, which included an experimental and a control group,

was organized in three stages: the initial diagnostic stage, the formative stage, and the secondary diagnostic stage. The author's method of "one concept - three facets" was used as a diagnostic tool, where the level of students' speech development was assessed comprehensively based on three indicators. The formative stage was conducted outside of school hours, twice a week, for three months, using systematic tasks based on communicative activities.

The results of the study showed that the students' initial diagnostic scores were insufficient. During the second diagnostic session, it was found that the experimental group had improved their ability to express their thoughts systematically, their emotional and personal nature of speech had become more pronounced, and they had increased their use of figurative language. In the control group, there was no significant change in the scores.

Keywords: speech production, communication, problem-based communication method, pedagogical aspect, psychological aspect, speech culture, communicative competence.

References

1. Ushinskiy K.D. Razvitie poznavatel'nogo interesa uchashchikhsya [Developing students' cognitive interest] / Young scientist. – 2012. – T. 12. – P. 517.
2. Zhinkin N.I. Psikhologicheskie osnovy razvitiya rechi [Psychological foundations of speech development]. – M.: PI RAO, RShBA. – 2021. – C. 15-20.
3. Toqayev Q.K. «Halyq birligi jäne jüielı reformalar – el örkendeuıñ berik negızı» Qazaqstan halqyna Joldaıy [Address of the head of state to the people of Kazakhstan dated September 1, 2021 «Unity of the people and systemic reforms – a solid foundation for the prosperity of the country»] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100002021> (reviewed: 1.09.2021).
4. Qazaqstan Respublikasy Prezidentinıñ «Qazaqstannyñ 2030 jylğa deıngı Damu strategiasyn odan äri iske asyru jönindegi şaralar turaly» №310 Jarlyğy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2007 №310 «On measures for the further implementation of the development strategy of Kazakhstan until 2030»]. URL: <https://adilet.zan.kz/docs> (reviewed: 6.04.2007).
5. Kwatera A. The Concept of 4K Competences in Pre-school and Early School Education- Challenges, Opportunities and Pedagogical Recommendations // Edukacja Elementarna w Teorii i Praktyce. – 2025. – T. 20. – №3 (78). – P. 15-28. DOI: <https://doi.org/10.35765/eetp.2025.2078.01>
6. Duisebekova ZH.M., Smataev T.H., Zhaimerdenova Zh.K., Sagindikova E.U. Auyzsha soz madenietin zhanasha mengertude kyzygushylykty ouyta okytu-psihologiuylık factor retinde [Training as a psychological factor that arouses interest in new knowledge of the culture of oral speech] // Bulletin of KazNPU named after Abai. Series: Psychology. – 2022. – T. 72. – №3. – P. 118-126. DOI: 10.51889/1981.2022.32.73.014
7. Rakhymbayeva G. Soileu tili damymagan balalardyn bailanystyryp soileu tilin damytu [Communication speech development of children with speech underdevelopment] // Iksad journal. – 2024. – T. 9. – №35. – P. 13-16. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.13131684>.
8. Klychniuyzova G., Dauletbekova Zh. Okuzhylyardyn soileu madenietin damytudyn pedagogikalyk strategiuyly [Pedagogical strategies for the development of speech culture of students] // «News of the NA of Sciences of the RK». – 2024. – T. 409. – №3. – P. 148-160. DOI: <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.759>
9. Auganbaeva M., Mamaeva G. Studentterdin soileu madenietin damytu adisteri [Methods for the development of speech culture of students] // Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute. – 2025. – №1. – P. 175-184. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17>
10. Bakradenova A.B., Taurbekova A.S., Tazhinova G.A. Karym-katynas balanyn ana tilinde soileu dagdylaryn damytudyn nedizgi sharty retinde [Communication as the main condition for the development of speech skills in the child's native language] // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology series. – 2023. – T. 144. – №3. – P. 63-75. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17>
11. Issataeva A., Uaisova G. Linguistic bases of primary school children's development of speech activity // Pedagogy and Psychology. – 2020. – T. 42. – №1. – P. 156-163. DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.20>

12. Yesnazar A. et al. Determination of Primary School Children's Speech Skills in Interdisciplinary Communication in Learning Environments // World Journal on Educational Technology: Current Issues. – 2020. – Т. 12. – №. 4. – P. 373-388. DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v12i4.5190>

Авторлар туралы мәлімет:

Кайырбаева Жазира Куатбековна – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті докторанты, Өскемен, Қазақстан.

Кайырбаева Жазира Куатбековна – докторант Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Kaiyrbayeva Zhazira Kuatbekovna – doctoral student S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Рахметова Райгуль Садуакасовна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Рахметова Райгуль Садуакасовна – доктор педагогических наук, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Rakhmetova Raigul Saduakasovna – Doctor of Pedagogical sciences, associate professor Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.